

FTAMP 03.20.03.61.91.

<https://doi.org/10.26577/JH.2023.v109.i2.011>**Б.К. Қалшабаева**<sup>1\*</sup> , **М.А. Шашаева**<sup>2</sup> , **С. Йылдырым**<sup>3</sup> <sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.<sup>2</sup>Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы қ.<sup>3</sup>Хаджеттепе университеті, Түркия, Анкара қ.

\*e-mail: kalshabaeva\_b@mail.ru

## XX ғ. 20-30 жж. қазақ қоғамындағы әйелдер мәселесіндегі әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің орны

Мақала XX ғ. бас кезеңіндегі әлеуметтік-саяси қоғамдық құрылыстың жаңа моделіне көшудегі қазақ әйелдерінің жағдайы мен мәселелеріне арналған. Авторлар мақалада қазан төңкерісіне дейінгі қазақ әйелдерінің қоғамдағы әлеуметтік мәселесіндегі теңсіздік – бір жағынан қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлермен байланыстылығына назар аударады. Қазақ әйелінің теңсіздігі қалың малға сатылу, көп әйел алушылық, қалың малы төленген көмелеттік жасқа толмаған қыздардың екінші, үшінші болып шалдарға тоқалдыққа тиюі, әмеңгерлік салт-дәстүрдің құрбаны болу, т.с.с. көріністердің тұрмыста кездесуін архив, баспасөз («Ақ жол», «Әйел теңдігі», т.б.) беттеріндегі деректермен айшықтаған. Кеңес өкіметінің қоғамдық құрылыстың жаңа моделіне өтудегі алғашқы міндеттерінің бірі «әйел теңдігі» мәселесі болды. Әлеуметтік-саяси теңдікті орнату барысында әйел теңдігіне қол жеткізуде бірнеше заңдар мен ережелер актілерін қабылдады. Авторлар мақалада патриархалды қоғамдағы қазақ халқының әйел теңдігі мәселесін бірден мойындай қоймағанын, қазақ әйелдерінің теңсіздігі 1930 ж. тіпті 1950 ж. дейін жасырын түрде көрініс беріп қалатындығын нақты мысалдар келтіре отырып, көрсетуге тырысқан.

**Түйін сөздер:** қазақ қоғамы, әйел мәселесі, қалың мал, көп әйел алу, әмеңгерлік, әдет-ғұрып, салт-дәстүр.

B.K. Kalshabayeva<sup>1\*</sup>, M.A. Shashayeva<sup>2</sup>, S. Yildirim<sup>3</sup><sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty<sup>2</sup>Institute of History and Ethnology named after Ch. Ch. Ualikhanov, Kazakhstan, Almaty<sup>3</sup>Hacettepe University, Turkey, Ankara

\*e-mail: kalshabaeva\_b@mail.ru

### The place of customs and traditions in women's issues in kazakh society in 20-30 years of XX century

**Abstract.** The article is devoted to the situation and problems of Kazakh women in the transition to a new model of socio-political social construction in the early twentieth century. The authors in the article draw attention to the inequality in the social problems of Kazakh women in society before the October Revolution – on the one hand, in connection with Kazakh customs and traditions. The inequality of Kazakh women in selling for kalym, polygamy, the marriage of underage girls, for whom kalym was paid, with the elderly men and their status as second, third wives, becoming a victim of levirate customs, etc. everyday situations were covered on the pages of the archive, the press ("Ak Zhol", "Ayel tendigi", etc.). One of the first tasks of the Soviet government in the transition to a new model of social construction was the issue of "equality of women". In the course of establishing socio-political equality in achieving women's equality, several laws and regulations were adopted. In the article, the authors note that the patriarchal society did not immediately recognize the problem of equality of women of the Kazakh people, and also try to show by giving concrete examples that the problem of inequality of Kazakh women continued to exist in the 1930s, and even in the 1950s.

**Key words:** Kazakh society, women's issue, kalym, polygamy, levirate, customs, traditions.

Б.К. Калшабаева<sup>1\*</sup>, М.А. Шашаева<sup>2</sup>, С. Ыылдырым<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>Институт истории и этнологии им. Ш.Ш. Уалиханова, Казахстан, г. Алматы

<sup>3</sup>Университет Хассеттепе, Турция, г. Анкара

\*e-mail: kalshabaeva\_b@mail.ru

### Место обычаев и традиций в вопросах женщин в казахском обществе в 20–30 гг. XX в.

Статья посвящена положению и проблемам казахских женщин в переходе к новой модели социально-политического общественного строительства в начале XX в. Авторы в статье уделяют внимание на неравенство в социальной проблематике казахских женщин в обществе до Октябрьской революции – с одной стороны, в связи с казахскими обычаями и традициями. Неравенство казахских женщин в продаже за калым, многоженстве, вступлении в брак несовершеннолетних девочек, за которых платили калым, со стариками и их статус второй, третьей жены, становлении жертвой аменгерских обычаев и т.п. бытовых ситуации освещались на страницах архива, прессы («Ақ жол», «Әйел теңдігі» и т.д.). Одной из первых задач советской власти в переходе к новой модели общественного строительства стал вопрос «равенства женщин». В ходе установления социально-политического равенства в достижении женского равенства было принято несколько законов и постановлений. В статье авторы отмечают, что патриархальное общество не сразу признало проблему равенства женщин казахского народа, а так же пытаются показать приводя конкретные примеры что проблема неравенства казахских женщин продолжала существовать в 1930-х, и даже в 1950-х годах.

**Ключевые слова:** казахское общество, женский вопрос, калым, многоженство, левират, обычаи, традиции.

### Кіріспе

Әйелдің қоғамдағы, тарихтағы, мәдениеттегі орнын зерттеу қай кезеңде болмасын өзекті әрі үнемі зерттеуді қажет етеді. Қазіргі әйелдердің қоғамдағы жағдайын өткенді зерттемей түсіну мүмкін емес. Себебі, қазан төңкерісінен кейін әлеуметтік-саяси қоғамдық құрылыстың жаңа моделіне көшу арқылы жаңа әлеуметтік-мәдени кеңістіктің конструкциясын құруда әйелдердің жаңа образын қалыптастыру басты мақсат болды. Неміс тарихшысы Ш. Плаггенборг өзінің зерттеуінде: «Мемлекеттік идеология әйел тұрғындарға қатысты тек ережелер мен заң актілерін шығарумен шектелмеу керек. Идеологиялық конструкцияны бұқара санасына трансляция жасаудың тиімді тәсілі мәдени мәтіндер, бұқаралық мәдениет образдары», – деп жазды (Плаггенборг, 2000: 7).

Кеңес өкіметі мемлекеттің жаңа моделін құру барысында әйелдерді саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени салаларға белсенді түрде қатысуға шақырды. Әйелдерді қоғамдық қатынастарға тарту арқылы әйел теңдігін қалыптастыруға күш салды. Қазақстан мен Орта Азия елдерінде кеңес өкіметі орнағанға дейін қоғамдағы әйелдің саяси да әлеуметтік те орны айқын болмады, тіпті олардың отбасының ұйытқысы, болашақұрпақты туументәрбиелеуші екендігі де көзге ілінбей, саяси құқығы былай тұрсын бас бостандығының өзі шектеулі болды.

Рулық-патриархалдық қатынастарға негізделген қазақ халқының қоғамдық қатынастарында әйелдердің орны ерлерге қарағанда төмен болып, ешқандай мәселелерге араласа қойған жоқ. Әрине, қоғамдағы әйелдердің теңсіздігі, құқығының басып жаншылуы ұлт жанашырларын бей-жай қалдырмады. Қазақ қоғамындағы әйелдердің ауыр тұрмысын, қалың малға сатылып, тоқалдыққа немесе жас қыздардың шалға тиіп жатқанын, әйелдердің бас бостандығының жоқтығын XX ғ. бас кезеңіндегі ұлт зиялылары да өз шығармаларында көтере бастады. Мәселен, XX ғ. басында ақ, қазақ оқымыстылары, әсіресе Алаш қайраткерлері Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Смағұл Садуақасов, Әлихан Бөкейханов, т.б.әйел мәселесін көтеріп, 1917 жылы Орынборда өткен Алаш Орда конференциясында мынадай шешімдер де қабылдайды:

- Әйелдер мен ерлердің саяси құқықтары тең болуы керек;
- әйелдер өздеріне серігін таңдауға ерікті;
- некеге тұру жасы 16-ға дейін ұзартылуы;
- неке екі жақтың келісуімен қиылады;
- жесірәйелдерді күйеуінің туысқандарына зорлап қосуға болмайды;
- бірінші әйелі келісім бермесе, екінші әйел алуға болмайды, т.с.с. (Скабаева, 2013).

Жалпы, әйел мәселесі «Дала уәлаяты», «Түркістан уәлаяты», «Қазақ», т.б. газет беттерінде әйелдердің құқығының тапталуын, оларға қатысты мәселелердің әділетсіз

шешілетіндігі жөнінде жиі-жиі мақалалар жариялап отырды

Әйел құқықтарының тапталуы бір жағынан қазақ қоғамындағы әдет-ғұрып, салт-дәстүрлермен де байланысты болса, екіншіден, саяси жағынан да рулық-тайпалық, қоғамдық мәселелерді шешуде, сайлауға т.б. қатыстырылмауымен де астасып жатты. Мәселен, салт-дәстүр бойынша айттырылған қызға «қалың мал» беруі, малы көп байлар кедей отбасынан шыққан жас қыздарды малдың күшімен басын байлағанын жоққа шығармаймыз. Қазақ жастарының отбасын құрауы сүйіспеншілікпен емес, ата-ананың қалауымен, әлеуметтік теңсіздік салдары т.с.с. келеңсіз жағдайлармен байланысты болды. Сонымен, қазақ қоғамындағы әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің кейбір тұстары әйел мен ер азаматтар арасындағы теңсіздікті анық айшықтайтын. Мұндай жағдайда әрине, жаңадан құрылған кеңес өкіметі мемлекеттің мынадай негізгі бағыттарын жүзеге асыруды, атап айтқанда, әйел мен еркектің заң жүзіндегі теңдігін қамтамасыз ету, әйелді қоғамдық өндірістік еңбектерге тарту, мемлекетті басқару істеріне қатыстыру, оқу-ағарту және әйелдерге білім беру т.б. істерді жүзеге асыру міндеттерін қойды.

### Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазу барысында қазақ қоғамындағы әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің кеңес өкіметінің орнауымен байланысты өзгерісін мәселен, шаңырақ көтеруде қалыңдыққа «қалың мал» беру, оның мөлшерін салыстырмалы зерттеу үшін ХІХ ғ. ІІ жартысы мен ХХ ғ. бас кезеңінде жарияланған деректер мен зерттеулер негізге алынды. Мақалада «қалың мал» көлеміне қатысты деректерді Ә. Диваев, И. Ибрагимов, А. Левшин, Ф. Костенко т.б. еңбектеріндегі деректерді келтіре отырып, салыстырмалы талдадық. Әйел мәселесіндегі әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің ролін анықтауда, сол кезеңдерде «Әйел теңдігі», «Ақ жол» т.б. газеттерде жарияланған нақты оқиғалар мен архив деректерін және зерттеулерді негізге алдық. Мәселен, «Әйел теңдігі» журналы алдымен «Теңдік» деген атпен газет түрінде 1925 ж. 5 мамырында Орынборда шығарылып, 1926 ж. шілдесінен бастап бұл газет Қызылорда қаласында журнал болып шығады. Журналда қазақ әйелдерінің теңдігі мәселесі, қоғам өміріне араласып жүрген белсенді әйелдер, әйелдердің саяси санасын көтеру, қалың мал, көп әйел алушылық, қызыл отау жұмысы, сауатсыздық

мәселесі, әйелдердің еңбекшілер қатарына қосылу т.б. жалпы әйелдерді қызықтыратын материалдар жариялана бастады. Журналдың негізгі мақсаты – қазақ әйелдерінің сана-сезімін ояту, саяси білімін арттыру еді (ҚР ПА, 2234:58). Сол сияқты қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінің (қалың мал, әмеңгерлік, көп әйел алу, т.с.с.) әйел теңсіздігін айшықтайтын кейбір тұстары «Ақ жол» газетінде кеңінен жарияланды. Аталған басылымдарда жарияланған нақты деректерді мақаланың мазмұнын ашуда келтіре отырып, талдау жүргізілді. Мақалада Д. Аманжолованың, А. Қасабекованың, Қ. Кемеңгерұлының т.б. зерттеулеріндегі тұжырымдары негізге алынды. Бұлардың ішінде Д. Аманжолова әйел мәселесін шешуде кеңес өкіметінің жүргізген саясаты мен оның негізгі бағыттарын, мемлекеттің жаңа моделін құруға әйелді қатыстыру, қоғамға тарту мәселелері жөнінде жазса (Аманжолова, 2017:113-114), А.И. Қасабекова «ХХ ғасырдың 20-30 жж. Әйел теңдігі мәселесі (әлеуметтік жағы, мәселенің қойылу тарихы, әйелдерді қоғамдық өмірге қатынастыру)» еңбегінде Кеңес өкіметі саясатындағы әйел теңдігі мәселесі Қазақстанда қалай шешілді, әйел теңдігін орнатуда қандай жұмыстар атқарылды, оның жағымды және жағымсыз жағы қарастырылады (Қасабекова, 2013:172).

Әдістер. Мақаланы жазуда тарихилық және ғылыми объективтілік негізге алынды. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы әйел мәселелері дәйекті түрде: мәселенің тууы, оны шешу жолдары, аталған мәселенің ұзақ жылдар мерзімінде даму ерекшелігі, нақты тарихи жағдай ықпалында оның өзгеруі, мәселелері зерттелді.

Мақалада осы әдіснамалық қағидаларға сүйену мынадай жалпы ғылыми әдістерді қолдануға әкелді: зерттелетін деректер мен зерттеулерді талдау әдісі; аналогиялық әдіс – зерттелетін ғылыми әдебиеттердің белгілі бір уақыт аралығындағы мәселенің белгілі бір аспектісі бойынша бұрын зерттелген ұқсастығымен әртүрлі белгілері мен қасиеттерін салыстыру; зерттеулерге, дереккөздерге мәселенің қарастырылу кезеңдеріне де қолданылатын жіктеу және түсіндіру әдісі; синтез әдісі – ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ қоғамындағы әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің әйелдердің отбасы, қоғамдағы орнын талдауда зерттеудің тұтас бейнесін жасауға негіз болды.

Жалпы ғылыми әдістерден басқа арнайы тарихи-этнографиялық зерттеу әдістері

де қолданылды: өткен кезеңдегі әйелдердің теңдігіне қатысты ғылыми ойдың қалыптасуы мен дамуын анықтау мақсатында мәселенің тарихи-этнографиялық қазіргі әдістемелік ережелерін талдауды көздейтін ретроспективті талдау әдісі; мәселені болашақта дамытудың ғылыми бағдарламаларын құруға көмектесетін проблема бойынша ғылыми білімнің қазіргі және болашақтағы құндылығын анықтауға мүмкіндік беретін өзектендіру әдісі де қолданылды.

### Нәтижелер мен талқылаулар

Қазақ қоғамындағы әйелдердің ауыр тұрмысы, қалың мал мәселесі мен көп әйел алушылық жөнінде баяндама жасаған губерния бөлімшесінің меңгерушісі, жұмысшы әрі шаруа Шалымбекова, шығыс әйелдерінің қоғамда, өзінің отбасында қаналуын былай түсіндіреді: «Әйел сатып алуға, сатуға және туысқандарына беруге болатын зат сияқты болды», – деп баяндады (Раскрепощение..., 2018). Ақиқатында, қалың мал мен көп әйел алушылық патриархалды-рулық тұрмыстың сарқыншағы мен экономикалық өмір салтының нәтижесі еді. Әйел рудың, ең алдымен өз туыстарының қолындағы құрал, яғни, бір жағынан, аса бай емес орта шаруамен бай, ауқатты, текті рулар арасында туыстық байланыс орнатуға арналған құрал болса, екінші жағынан, ауқатты рулармен туыстық қатынас орнату арқылы кедейлерге ықпалын нығайтуға мүмкіндік берді. Оның үстіне діннің «шариғат» атты ережелерімен көп әйел алу заңдастырылды. Шариғат ер адамға бірнеше әйел алуға (4 әйел) рұқсат берді, ол әйелмен қалаған уақытта «талак» деген сөзді 3 рет айтып кез келген кезде ажыраса алатын. Әйелдің құқығының төмендігі соншалықты 1 еркек куәгерге 2 әйел куәгер тең болатын. Әйелдің әрине мұралыққа да құқығы болған жоқ, болған күннің өзінде әйел-мұрагер мүлік мұрасының 8/1бөлігіне ғана ие бола алатын (Раскрепощение..., 2018). Әйелдер қоғамдық өмірге қатысуға ешқандай құқығы болған жоқ, өз отбасында күйеуіне сөзсіз бағынатын, соның айтқанымен жүріп тұратын.

XX ғасырдың 30 жылдарына дейін жастардың отау құрып, шаңырақ көтеруінде ата-ананың ықпалы зор болды. Себебі, баласына қалыңдық таңдау ата-ананың құзіретіне кіргендіктен олар көбіне өздеріне теңдес құда іздейтін. Дегенмен де қазақ қоғамында он екі мүшесінде кемтарлығы бар байдың баласы, не малы көп, жасы үлкен шалдардың өзі орта шаруаның, не кедейдің

қызын қалың малын еселеп беріп әйелдікке алатын. Сол сияқты әлеуметтік жағы тең емес болса да ауқатты қазақтар (байлар) әдемі, ақылды, ізеттілігімен, парасаттылығымен ауызға іліккен кедей қызын әйелдікке, тоқалдыққа алу жиі кездесетін. Қалың мал мөлшері құдаласу келісіміне орай әртүрлі мөлшерде болды. Қазақ қоғамындағы қалың мал құрамына негізінен төрт түлік мал енеді. Бұл жөнінде А. Левшин: «... кедейлерде 5-6 қой, ірі байлар арасында 200 жылқы не 500 ден – 1000 қойға дейін және әртүрлі мүлікпен қоса күң мен құл алысуға дейін барып, ал, екінші және үшінші әйелдің құны арта-тындығын», – жазады (Левшин, 1832: 98). Деректе қалың мал құрамына негізінен қой мен жылқы енгендігін, қыз жасауына тұрмысқа қажетті заттармен қоса бай қыздарына күтушілерге дейін берілетіндігі жөнінде меңзейді. XIX ғ. қазақ халқының неке және отбасылық қатынастары мен оған байланысты әдет ғұрыптарды зерттеген И.И. Ибрагимов: «... қалың мал мөлшері байларда 57, 47 бас мал болып, кедейлерде 17 бас не домалақ қалың мал болған», – деп жазады (Ибрагимов, 1872: 128). Ол қалың малдың әлеуметтік жағдаймен байланысты халық арасында өсіп не кеміп отырғандығын, мәселен, «домалақ қалың мал» кедейлер арасында өзара келісіммен көлемі көпке жарияланбай, шама-шарқынша берілетін қалың мал екендігін тұспалдайды. Ал, енді Түркістан өлкесі халықтары жөнінде бірнеше еңбектер жазған Л.Ф. Костенко: «Қазақтар қалың малды байлығына қарай 120, 60, 40 қой шамасында беріп, оған қоса бас жақсы және аяқ жақсы береді. Мәселен, бас жақсыға 9 түйе, оған қоса бәрінен бұрын 1 не 2 кіріптар (құл-күтуші), аяқ жақсыға бір түйе бір ат, бір сиыр және қару, ал, кедейлер бас жақсыға 1 не 2 түйе, аяқ жақсыға атпен шапан, кейде оның орнына сиыр, қой, ешкі береді. Қалың малды арнайы адам барып алып келеді. Оған 120 қойдың орнына 80, 60, ал 40-қой болса – 27 бас мал берілетіндігін жазады (Костенко, 1880: 350). Зерттеуші еңбекте қалың мал құрамы «бас жақсы», «аяқ жақсы» деп бөлініп, оған енетін мал түрлеріне дейін жан-жақты сипаттама береді. XX ғ. басында сауда-саттық жақсы дамыған, қалаларға (Ташкент, Түркістан, т.б.) жақын орналасқан қазақтар арасында мал басын ақшаға шағып, не ақшалай төлеу не малға қоса ақша беру кең тарай бастады (ӨРОМА, 3064:2-3). «Сырдария қазақтарындағы ең үлкен қалың мал мөлшері 8 құлынды бие, 13 ат және 9 түйе», – деп Ә. Дива-

ев (Диваев, 1900:15) жазады. Көріп отырғанымыздай, қалыңдыққа берілетін қалың мал мөлшері кедейлерде 5-6 қойдан басталып, байларда 200 жылқыға дейін бағалануы сол кезеңдердегі қазақ қыздарының басы малмен бағаланып, сатылатындығы, қыздың жар таңдау құқығының, тіпті бас бостандығының жоқтығы қоғамдағы теңсіздігін көрсетеді. Бұл жөнінде зерттеуші Қ. Кемеңгерұлы Үш томдық шығармалар жинағының 2 томындағы «Әйелдер тұрмысы» деген бөлімінде қазақ қоғамындағы әйелдердің бас бостандығының жоқтығы, олардың байларға, немесе кемістігі бар бай балаларына, не шалдарға мал есебінде сатыла беретіндігі жөнінде, ал күйеуі қайтыс болған жағдайда қайынаға не қайнысына «әмеңгерлік» салтымен күйеуге шығатындығын жаза келіп, бұл салт әулеттің малын сыртқа шығармаудың амалынан туындаған деген пікірді айтады (Кемеңгерұлы, 2005: 224-225). Бірақ бұл жерде біз Қ. Кемеңгерұлының «әмеңгерлік» салт әулет малын сыртқа шығармау амалынан деген пікірін толық қолдай алмаймыз, мәселенің екінші жағын айта кету керек – қазақ қоғамында орын алған әмеңгерлік салтының ең бірінші мақсаты жесірді шеттетпей, сыртқа жіберіп жылатпай, жетім балаларын әулеттен алшақтатпай қамқорлыққа алудан туындаған. Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі міндеттерінің бірі әйел құқығының теңдігін қамтамасыз ету болды. Осыған сәйкес 1920 жылы желтоқсанда ОАК және Қазақ АКСР Халық комиссарлар кеңесі (СНК) қалың малды жою туралы декретке, 1922 жылы зорлықпен күйеуге берудің заң жүзіндегі жауапқа тартылатындығы, 1924 жылы екі не одан да көп әйел алуды, 1925 жылы кәмелет жасына толмаған жас қызбен некелесу, құда түсу, әмеңгерлікпен үйлену жазаланыптындығы жөнінде заң қабылдайды (Аманжолова, 2010:248). Әйел теңдігіне қатысты кеңес үкіметінің заңы бойынша әйелдер ерлермен бірдей азаматтық құқықтарының бәріне ие болды. Әйелдер барлық әлеуметтік, мемлекеттік жұмыстарға қатыса алатын, заң бойынша қыз бала 16-ға жеткенше ғана ата-ананың қарауында болып, бұл жасқа жеткеннен кейін ата-анасының рұқсатынсыз, қыз кімге барамын десе де құқылы екендігі нақтылап көрсетеді (Кемеңгерұлы, 2005: 224-225). Дегенмен де, қалыңдыққа «қалың мал» беру 1920 жылы жойылғанмен, онымен жоспарлы түрде күрес 1924 жылы басталады. Сондықтан 1924 жылы Қазақстан және Орта Азия республикаларында «қалың малдың жойылу күні» мерекесі

енгізіледі (РМЭСТА, 24:140-144). Ақиқатында, кеңес өкіметінің әйел теңдігіне қатысты қабылданған заңдары бірден жүзеге аса қойған жоқ, оның үстіне патриархалдық қоғаммен өмір сүрген қазақ халқы оларды бірден қабылдамады, ауылды жерлердегі қазақ әйелдері бұл жеңілдіктерді сезіне алған жоқ. Жоғарыда көрсетілген Кеңес өкіметі қылмыс заңына қалың мал, көп қатын алу туралы баптарды енгізгенмен, қазақ халқының қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрпын ығыстыра алған жоқ. Бұл жөнінде Қ. Кемеңгерұлы: «...қазақтың ертеден келе жатқан әдет-ғұрпының күшін бірден жойып жібере алмады, қалың малды көрсетпей алып, көп қатын алғысы келгендер заңды аттап өтпесе де, айналып өтіп жүр, бұрынғы қатынынан ажыраған болып, зәкіске мәлімденеді де, екінші, иә үшінші тоқал алып жүре беретіндігін», мұндай кемшіліктің 4-5 жылда жойылып кетуінің қиындығын, әдет-ғұрыптардан туған бұл қылмыстарды жою үшін көзі ашық көсем әйелдер билер, қосшы билер, қорғаушылар көбірек болмай реті келмейтіндігін жазған (Кемеңгерұлы, 2005: 236), онымен қазақ арасында отбасын құрауда қызға үйлену қалың малмен есептеу, кәмелетке толмаған қыздарды малға сату, екінші не үшінші тоқалдыққа беру, еріксіз әмеңгерлік жолымен неке қию, т.с.с. қазақтың тұрмыс салтындағы ғұрыптар ХХ ғ. 30 жылдарына дейін (кей аймақтарда жасырын 50 жылдарға дейін) жалғасты. Сөзіміз дәлелді болу үшін мына деректерді келтіре кетейік, 1920 ж. жарық көрген «Ақ жол» газеті тілшісінің «Ескі жыр қашан қалады?» деген мақаласында: «Осы жылы август айының басында Сырдария болысы 3-ауыл азаматы Әділбек Пісте деген жетім қызды әкем Қожаұлына қатын үстіне берді. Қыздың әкесі жоқ, ілгеріде өліп кеткен. Әділбек мырза қыз қаламаса да көрнекі төрт қой алып, 15 жасар сорлыны қырықтағы шалға ұстап беріп отыр, мінеки, Әділбек сияқты жуандар жоғалмай әйелдерді сату тыйылатын емес. Бұл сияқты ескі жырлар қашан құриды?», – деп жазады (Ақжол, 2020:203). Бұл жерде бір жағынан жетімді басынып, өзінің ықтиярынсыз шалға беріп жіберген жетім қыздың бас бостандығының жоқтығын білсек, екіншіден жас қызды алып отырған отбасының балалары да әкесінің шешесінің үстінен әйел алғандығын жақтырмай шағымданып отырғандығын байқауға болады. Ал, Рақыш Төлешкелінің «Қайткенде бұлар тыйылмақ?» арыз-шағымында қызды еріксіз қалың малға сатып, бағын байлап отырғандығы

жөнінде: «Арыс қаласында тұрушы Сүйіндік Тәшкенбайұлы Қараспан болысының азаматы Асан Қалдарбекұлының қызын Николай заманында (Ақпан төңкерісіне дейінгі кезең) інісіне айттырып, інісінің көп жылдар қой бағып тапқан 5 ат, 1 өгіз, 50 қойын қалыңмалға береді. «Әйел малға сатылудан құтылды» деп декрет шыққаннан кейін де Асан азамат бір ат алады. Жақында Сүйіндік Асанға: қызың қалайтын болса, үкімет заңы бойынша бер деп, барса, Асан азамат тағы бір жарамды ат бер, қыз қалайды, болмаса жоқ. Тағдыры менің қолымда, тақа байланысқан, риза болмасаң, үкіметіңе бар, деп жауап береді. Жасы 23-тен асқанша иә күйеуіне, иәки басқа біреуге кете алмай, Асанның қалаған қалыңмалының құрбаны болып қыз отыр. Асан мырзаның ауыл аткомдары алдында ашық істеп отырғаны мынау. Бүйтіп отырғанда қалыңмал қашан құриды?..», – баяндайды. (Ақжол, 2020:205). Көрсетілген деректе қалың мал мөлшері қазан төңкерісіне дейін келісіліп, негізгі бөлігі өтелсе де, кеңес өкіметінің қалың малға тыйым салынғанына қарамастан қыз әкесі уәделескен қалың малды толық өтеуін талап етіп, заңнан да ықпай отырғанын көреміз. Ақиқатында қазақ халқының әдет-ғұрпы бойынша қалың малы түгел берілмей, қызын ұзатпаған, тіпті қалың мал бере алмайтын жағдайда кедей жігіт қыз үйінде жұмыс істеп, қалың малын өтегеннен кейін ғана қалыңдықты өз үйіне әкететіндігі тарихи деректерде айтылады.

Қазақ қоғамындағы қалың мал, көп әйел алушылық, әмеңгерлік деген мәселелерге қазақ зиялылары үнемі үн қосып өздерінің наразылықтарын білдіріп отырды. Солардың бірі Сара Есова «Қазақ әйелінің азаттық күні» (1927) мақаласында: «Қазақтың ескілікті жаман әдеттерінің ішінде қалыңмал мен көп қатын арудың қазақ тұрмысынан қалмай келе жатқанын мәлімдейді. Кеңес өкіметі орнап, әйел, еркек тең қатар жұмысқа қатыса алады дегенмен, жартысы қатарға қосыла алмай, күндікте қысымда жүргенде әділ тұрмыс орнай қоймайтындығын, ескілікті салт-дәстүрден арылмай әлеумет жұмысының жаңа түрі де жұрт қадамы да іске аспайды, -дей келе, осы күні қазақ газеттерінде қалыңмал мен көп қатын алу жайлы жазған тілшілердің мақалалары ізінше тексеріліп, қылмыстылар жазасын алуда, деп жазды. Бірақ ел ішінде газетке жазылып, көпке мәлім болған қылмыстылар да көп... сондықтан януардың (қаңтардың-Қ.Б.) бірінен он бесіне дейін елге қалыңмал, көп қатын алуға тыйым жасаған кеңес

заңын түсіндіру науқаны жүргізілуде. Әйел азат болсын десек, алдымен қалыңмал, көп қатын алушылықты жоялық. Қалыңмал мен көп қатын алушылықты қуаттайтын азамат – азамат емес», – деп жазды (Қасабекова, 2003: 72-73). Ия, шындығында да, ертеден қазақтың тұрмыс салтымен біте қайнаған әдет-ғұрыпты бір декретпен не заңмен жою қиын, оған біраз уақыттың қажет екендігі белгілі. Н. Арыкова: Қалыңмалға қарсы шара қолданбай, бірден еңбекші әйелдерді түгелімен кеңес құрылысына қатынастыру мүмкін емес еді. Әйелдер арасында теңдік жұмысын қолға алғанына 7-8 жыл уақыт өтті. Қазіргі күн әйелдер арасындағы жұмыс қара басының теңдігін қорғаудан көбірек жолға көшіп, еңбекші әйелдер саяси-шаруашылық жұмысқа қатынасуға мүмкіндік туып отыр. Әйелдер арасындағы жұмыстың жаңа дәуірі басталып, еңбекші әйелдер теңдік ұранына қоғамдық өмірдің тең мүшесі болуға жарап отыр (Арыкова, 1926). Сондықтан да ел арасында әйелдің сауатын ашып, оқу, білімге, қоғамдық жұмыстарға тарту, т.с.с. шаралар жүргізілді.

Қазақ қоғамында әйелдердің теңсіздік жағдайын көрсететін тағы бір мәселе – әмеңгерлік. Бұл салт бойынша егер әйелдің күйеуі қайтыс болса, қайынаға не қайнысына тиюі міндеттелген. Сондықтан қаралы әйел туыстарының сөзін жықпай, өзі сүймесе де амал жоқтықтан аталған адамға басын қосып жататын, мұнда да кей жағдайларда әйел үстіне яғни тоқалдыққа баратын жағдай немесе кәметке толмаған қайнысына шығу жағдайлары да орын алатын. Сөзіміз дәйекті болу үшін «Ақ жол» газетіне шыққан мына бір деректі қысқаша келтіре кетейік: «... Талқамбай деген кісі өзінің қызы Ақбәтиді Бақай деген елдегі дәулетті біреуге береді. Құдасы қазалы болып күйеуі өледі. Ақбәтиді 10 жастағы қайнысына атастырады. Жиырмадағы Ақбәти ондағы балаға қарап бір жыл жарым отырады. Бала жастық қылады.... Ақбәтидің құлағына сүйгенімен кетуге ықтияр деген сөз тиеді... Ақбәти судьяның мекемесіне барып өтінішін білдіреді, судья тілегін орындайды. Бірақ бақайлар жиылып атқа мінеді, намыстанады... «Тал түсте жесірімізді жіберіп отырамыз ба? сөйлесейік дейді, олардан қорыққан Ақбәти 10 жасар баланың жанында тағы бір жыл отырады. 1920-шы жылы жазда судья Орынбордан келе жатып бір бақайдың үйіне келіп түседі. Сол үйде Ақбәтиді тағы көреді.... оның кетпегеніне аң-таң қалады, одан неге кетпегенін сұрағанда

байлауда, аңдуда болғандығын айтады» (Ақжол, 2020а:234). Көріп отырғандай, кеңес өкіметі қазақ арасындағы әменгерлік ғұрыптарды да бірден жоя алған жоқ. Тіпті әйелдің бақытын ойламай, өз әулетінен жібермеудің амалын тауып, жас балаға атастырылуының өзі әйелдердің қоғам алдындағы әлсіздігін, теңсіздігін көрсетсе керек. Кей жағдайларда қайынағалар жесірін екінші не үшінші етіп тоқалдыққа аламын десе оған «Әйел теңдігі» декреттері, заңдарды негізге алып бәйбішесі қарсы шыққан жағдайларда орын алды.

Қазақ тұрмысында көп әйел алушылық та әйелдердің ризашылығымен бола қойған жоқ. Кеңес өкіметі бұл салт-жоралғыға да тиым салынып, барлық ұйымдар мен белсенділерге үндеу тастап күресуге шақырды. Онда: «1917-1918 жылдардағы ашаршылық қазақ-қырғызға не қылғызбады. Бәлкім, өзбектер қолында да қазақтың жас қыздары бар шығар. Олардың көбі жетім, жетімді қорғау хукіметтің міндеті, жастардың борышы. Сондықтан Ташкенттегі әйелдер бөлімі хәм қазақ-қырғыз жастарының ұйымы интернаттарда оқып жүрген қыз балалардың бастары байланып, күйеуге беріліп қойылғандары болса, азат қылу қамына кіріссе екен. ... Жетім қыздарды интернатқа алып, бәрін бір интернатқа жинап, тәрбиелеу, оқыту керек. Ақ жүрек, жастар! азып-тозып, сатылып күндікте жүрген бейшара қарындастарыңды іздеп табындар, адам қылыңдар!», – деп жазды Айғақ. Осындай үндеулер мен насихаттаудың нәтижесі болар мысалы, Ташкент қаласында тұратын 50-ден асып, 60 аяқ басқан 1 бәйбіше, 1 жас тоқалы бар Асылбек дейтін бай, екі қатын үстіне тоқалдыққа бірінші қазақ мектебіндегі оқып жүрген, өзі жетім, 13 жастағы Кенже деген қызды тәрбиелеп, асыраған ағасы Момынкұлға қалың малын төлеп қояды. Ертең тойын жасап, қызды әкетемін деп отырғанда мектептегі «Жастар ұйымы» дереу жиналыс жасап, тиісті орындарға хабар беріп, қызды алып қалады (Ақжол, 2020ә:366-367). Әрине қоғамда болып жатқан мұндай келеңсіз оқиғалар белгілі болса, өкімет олардың алдын кесуге тырысты. Осы сияқты мысалдар 1929 жылы ресми баспасөз материалдарында ашық көрсетілді, мәселен, Тарбағатай селосының аға милиционері коммунистік партия мүшесі Е. Утиев Покровка селосының тұрғыны Төлеңгітованың 16 жасар қызын алып қашып үйленген, ал жас әйелдің әкесі екінші қызын Бексабар деген кісіге 5 сиыр, ат және құлынға сатқандығы айтылады

(Аманжолова, 2010:248). Сонымен, көп әйел алушылыққа тыйым салынғанмен ел арасында бірінші әйелден өтірік ажырасқан болып, туысқан не күтуші деп, екінші әйел алу жасырын түрде сақталды. Ж. Сәдуақасов өз кезегінде жоғарыда келтірілген пікірлерді нақтылай түседі. Оның «Әйелдер азаттығы туралы» атты мақаласында: «Төменгі мекемелеріміз әйелді қорғау орнына, көбінесе төңкеріс заңын жүргізуге кедергі жасап келеді. Кейбір кеңестер қалың мал, біреу көп қатын алу, әйелді еріксіз сүймеген адамына тигізу жөніндегі қылмыстарды ашпақ түгіл, қайта пара алып, қымтап жүрген реттері де бар. Бұл ретте сот мекемелері анықтама, тергеу орындарының да жұмысын мақтай алмаймыз. Бұлардың да оңған ісі шамалы. Бұлардың арасында да пара алушылар бар, сондықтан әйелдің қолы теңдікке жетпей келеді. Тегінде қазіргі жазаландыру саясатының көздейтіні – жазаны біраз жеңілдету ғой, оның үстіне қалың мал беру, көп қатын алу сияқты әдет-бір-екі жылда жоғалып кететін нәрсе емес. Бұған бірталай уақыт керек және де Нағима жолдас айтқандай әйелдердің мәдениетін көтеру жолымен істеу керек» (Сәдуақасов, 2009:192).

Қазақ қоғамындағы әдет-ғұрып, салт-дәстүрлермен байланысты әйелдер мәселесінде осындай тұрмыстық қылмыстардың көп оқиғалары болды. Оларды төменгі сот-тергеу органдары қызметінде, сот және партия тәртібімен ауылдық, партия және комсомол ячейкаларында «қалың мал және көп әйел алушылық үшін» т.с.с. қатысы барларды жиналысқа салып, бірнеше рет жауапкершілікке тартқан. Мұндай тұрмыстық қылмыстардың көрсеткіші: «1924-1925 жж. -367, 1925-1926 жж. -1296, 1926-1927 жж. -1907 іс болғандығын, оның тек 611 немесе 33% қаралғандығын, сотта істің 49% тоқтатылғандығын, 650 адамның сотталып, 204 ақталған (Раскрепощение..., 2018). Көп істер қараусыз қалса, тұрмыстық қылмысқа қатысты сотталғандар көбіне шартты жаза не болмаса мәжбүрлі түрде еңбекпен өтеу жазасына кесілсе де, ештеңе істемей ақ ауылына қайтып бос жататын.

1928 жылы «Рулық тұрмыстың сарқыншағын құрайтын қылмыстар» жөніндегі тұрмыстық қылмыстарды басшы реттеу жөніндегі ҚАКСР ОАК заң шығарды. 1920 ж. ортасында мұндай қылмыстардың 60% әйелдер мәселесімен байланысты болды. Мәселен, іс жүзінде ақшалай түрде қалың мал берілген 33 келісімді заңсыз деп санаған (Аманжолова, 2017:113-114). Бірақ өкімет тартып алған (тәркіленген) қалың

мал қаражатын заңды некелесудің салығы деп есептеп, халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізбеді.

Қазақ ауылдарындағы әйелдер арасында үлкен мәдени-тәрбиелік жұмыс жүргізу үшін 1925 жылы 30 шілде де Қазақстан өлкелік комитеті ұйымдастыруымен «Қызыл-Отау» жұмыс істей бастады. Олар ауыл-ауылды аралап сауатсыздықты жою, лекциялар, әңгімелер өткізу, ана мен бала денсаулығын тексеру, заң және медициналық мәселелер бойынша кеңес беріп, оған қоса, ағартушылық жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар әйелдерді социалистік құрылыс еңбекшілерінің бірі етіп қалыптастыруда идеологиялық жұмыстар жүргізіп, партияның саясатын насихаттады (ҚР ОМА, 18:19).

Кеңес өкіметінің негізгі мәселесінің бірі – әйел мен еркектің теңдігі, ал, ол теңдікке жетудің жолы әйелдердің сауатын ашу, әйелдер мектебін көбейтуге өте-мөте назар салу, әйелдер мектебін ашып қана қою жеткіліксіз, қоғамдық-әлеуметтік жұмыстарға тарту қажет деп түсінді. Сондықтан Кеңес өкіметі Түркістан әйелдері еркекпен бірдей тізе қоспаса жаңа саяси-әлеуметтік құрылымды құру мүмкін емес, ол үшін жер-жердегі саяси ағарту бөлімі мен әйел бөлімі бірігіп істеуі керек деп шешті. «Әсіресе соңғы ұйым әйелдер арасында дәйім үгіт жүргізіп, 6 айлық сауат мектебін бітіруге жәрдем етсін. Мектепте әйелдер көп оқысын десек, саяси ағарту бөлімдері әйелдерді оқытуға ең жақсы оқытушыларды жіберсін, мектепке қызықтырсын. Және оқуды өмірмен байланыстырып, әйелдердің тілегін орындап, әйелге азаттық берген кеңестік декреттерін түсіндіруден бастау керек. Мысал үшін алдымен; қалың малдың, күйеуге жастай берудің зиянын ұқтыру керек. Осы декреттерді іске асыруға әйелдер қалай алу керек екенін көрсету керек. Оқушы әйелдер бір жағынан хат танып көзі ашылса, екінші оқытушы әйел өздерінің мұңын жоқтайтын қорғаны екенін білсе, мектепке бұрынғыдан артық ықыласты болмақ, оқудан

қашпақ емес», – деп жазды (Ақ жол, 2020:233-234).

### Қорытынды

Қорыта келгенде қазақ қоғамындағы әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің әйел теңдігін қалыптастыруда, олар елдің саяси-әлеуметтік-мәдени құрылымының жаңа моделін құрудағы белсенділігіне әсер етті. Соған қарамастан, әрине, Кеңес өкіметі қазақ әйелдерінің сауатын ашып, теңдік алып береміз деп, оларды қоғамдық жұмыстарға белсенді қатыстыруына үлкен мән беріліп, мемлекеттік деңгейде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Қазақ арасындағы кертартпа салт-дәстүрдің құрбаны болған әйелдерге қамқорлық көрсетіп, қорғауға тырысты. Дегенмен де қазақ әйелдерін қоғамдық-саяси іске тарту саясаты қазақ қоғамының дәстүрлі даму жолына да өзгерістер әкелгені белгілі. Кеңес өкіметі әйелдерге ерлермен бірдей саяси-әлеуметтік теңдікті бере отырып, оларды ел экономикасындағы қосымша күш ретінде бағалады. Соның нәтижесінде әйелдің отбасындағы бала тәрбиелеу ролі ақсады, қазақ тұрмысындағы кейбір кертартпа әдет-ғұрыптар ғана емес, жалпы халықтық салт-дәстүрлерді жоюға күш салды. Соған қарамастан «кеңестік типке» жатпайтын әдет-ғұрып пен салт-дәстүрлер толығымен жойылмай, болмысы өзгеріп, заманға сай түрленіп отырды. Қорыта келгенде, әйелдер мәселесінде әдет-ғұрып, салт дәстүрлердің кеңес өкіметінің бастапқы кезеңіндегі ролін айқындай отырып, қазіргі қоғамдағы тұрмыста, күнделікті өмірдегі әдет-ғұрып, салт дәстүрлердің халықтық дамуындағы ролін талдау қажет.

Мақала BR18574057 «Қазақстанның оңтүстік-шығыс және шығыс аймақтарының (Шу-Іле ауданы, Тарбағатай және Алақөл алабы) мәдени мұрасын пәнаралық (археологиялық және тарихи-этнографиялық) зерттеу» ғылыми жобасы аясында дайындалды

### Әдебиеттер

- Ақ жол (газеті). (2020). Көп томдық. 1 том. Нұр-сұлтан: «Алашорда қоғамдық қоры». 366-367 б.  
 Ақ жол (газеті). (2020). Көп томдық. 5 том. Нұр-сұлтан: «Алашорда қоғамдық қоры». 234 б.  
 Ақ жол (газеті). (2020). Көп томдық. 20 том. Нұр-сұлтан: «Алашорда қоғамдық қоры». 233-234 б.  
 Ақ жол (газеті). (2020). Көп томдық. 25 том. Нұр-сұлтан: «Алашорда қоғамдық қоры». 205 б.  
 Аманжолова Д.А. (2017). Из истории женского вопроса в СССР (от традиций к модерности). 1920-1930-е гг. Российские регионы: взгляд в будущее. №3. С. 113-114.



- Аманжолова Д.А. (2010). Форматирование советскости. Национальные меньшинства в этнополитическом ландшафте СССР. 1920-1930-е гг. М.: Собрание. 248 с.
- Арыкова Н. (1926). Әйелдер арасындағы жұмыстың жайы және келешектегі міндеттері. Әйел теңдігі. №7-8.
- Диваев А. (1900). О свадебном ритуале киргизов Сырдарьинской области. Казань. 29 С.
- Ибрагимов И.И. (1872). Этнографические очерки киргизского народа. Русский Туркестан. М. Вып. 11. С.128- 141.
- Кемеңгерұлы Қ. (2005). Үш томдық шығармалар жинағы / оқу құралы. Алматы: Алаш. Т.2. 336 б.
- Костенко Ф. (1880). Туркестанский край. Опыт военно-статистического обозрения Туркестанского военного округа. СПб.Т.1. 452 с.
- Қасабекова А.И. (2013). XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы «Әйел теңдігі мәселесі (әлеуметтік жағы, мәселенің қойылу тарихы, әйелдерді қоғамдық өмірге қатынастыру). Монография. Астана. 172 б.
- Қасабекова А.И. (2003) Әйелдер қозғалысының алғашқы қайраткерлері. Көмекші оқу құралы. Тараз университеті. 81 б.
- ҚР ОМА – Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архиві. 248 қор. 1 тізбе. 18 іс. 19 п.
- ҚР ПА – Қазақстан Республикасының Президент архиві. 143 қор. 1 тізбе. 671 іс. 27,20 пп;
- Левшин А.И. (1832). Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. СПб. 304 с.
- ӨР ОМА – Өзбекстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архиві. 17 қор. 1 тізбе. 3064 іс. 2,3 пп.
- Плаггенборг Ш. (2000). Революция и культура: Культурные ориентиры в период между Октябрьской революцией и эпохой сталинизма. Пер. с нем. Ирины Карташевой. СПб.: Журнал «Нева». С.7.
- Раскрепощение казахских женщин. (2018). Электронный ресурс – URL: <https://vlast.kz/istorija/30323-raskreposenie-zensin-vostoka.html>
- РМЭСТА – Ресей Мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архиві. Центральный комитет КПСС (1898, 1903-1991). Ф.17. Оп.85. Д.24. Л.140-144.
- Сәдуақасов Ж. (2009). Таңдамалы шығармалар жинағы. Астана: Елорда. 192 б.
- Скабаева Д. (2013). Қазіргі қазақ әйелі қалай өзгерді. Электронный ресурс – URL: <https://abai.kz/post/16874>

#### References

- Aq zhol (gazety) (2020), [Aq zhol (newspaper)]. Multi-function. Volume 1. Nur-sultan: "Alashorda public fund". 366-367 P.
- Aq zhol (gazety) (2020), [Aq zhol (newspaper)]. Multi-function. Volume 5. Nur-sultan: "Alashorda public fund". 234 P.
- Aq zhol (gazety) (2020), [Aq zhol (newspaper)]. Multi-function. Volume 20. Nur-sultan: "Alashorda public fund". 233-234 P.
- Aq zhol (gazety) (2020), [Aq zhol (newspaper)]. Multi-function. Volume 25. Nur-sultan: "Alashorda public fund". 205 P.
- Amanzholova D.A. (2017) Iz istorii zhenskogo voprosa v SSSR (ot tradicii k modernosti). 1920-1930-e gg. [From the history of the women's issue in the USSR (from tradition to modernity). 1920-1930-ies], Rossiskie regiony: vzglyad v budushee, No.3. – pp. 113-114.
- Amanzholova D.A. (2010) Formatirovanie sovetskosti. Nacionalnye menshinstva v etnopoliticheskom landshafte SSSR. 1920-1930-e gg. [Formatting Sovietness. National minorities in the ethno-political landscape of the USSR. 1920-1930s.], M.: Collection. 248 p.
- Arykova N. (1926) Aielder arasyndagy zhumystyn zhaiy zhane keleshekтеgi mindetteri. [Status and future tasks of work among women], Aiel tendigi. №7-8.
- Divayev A. (1900) O svadebnom rituale kirgizov Syrdariinskoi oblasti. [About the wedding ritual of the Kyrgyz of the Syrdarya region], Kazan, 29 p.
- Ibragimov I.I. (1872) Etnograficheskie ocherki kirgizskogo naroda. Russkii Turkestan [Ethnographic essays of the Kyrgyz people. Russian Turkestan], M., Ed. 11. pp.128- 141.
- Kemengeruly Q. (2005) Ush tomdyq shygarmalar zhinagy. [Three-volume collection of works], textbook. Almaty: Alash. Volume 2. 336 p.
- Kostenko F. (1880) Turkestanskii krai. Opyt voenno-statisticheskogo obozrenia Turkestanskogo voennogo okruga. [Turkestan region. The experience of the military statistical review of the Turkestan Military District], St. Petersburg, Vol.1. 452 p.
- Qasabekova A. I. (2013). XX gasyrdyn 20-30 zhyldaryndagy “Aiel tendigi” maselesi (aleumettik zhagy, maselenin qoiylu tarihy, aielderdi qogamdyq omirge qatynastyru). [The problem of “women's equality” in 20-30 years of the XX century (social side, history of the problem, participation of women in public life)], monography. Astana. 172 P.
- Qasabekova A.I.(2003) Aielder kozgalysyn algashky kairatkerleri. [The first figures of the women's movement], a helpful tutorial, Taraz University. 81 p.
- Qazaqstan Respublikasynyn Ortalyq Memlekettik arhivi (QR OMA). [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSA RK)], F. 248. I. 1. C. 18. P. 19.
- Qazaqstan Respublikasynyn Prezident arhivy (QR PA). [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan (AP RK)], F.143. I.1. C.671. P. 27,20.
- Levshin A.I.(1832) Opisanie Kirgiz-kazachiih ili Kirgiz-kaisacskih ord I stepei. [Description of Kirghiz-Cossack or Kirghiz-Kaysak hordes and steppes], St. Petersburg, 304 p.
- Ozbekstan Respublikasynyn Ortalyq Memlekettik archivi (OROMA).[Central State Archive of the Republic of Uzbekistan (CS-ARU)]. F. 17. L.1. C. 3064. P. 2,3.

Plaggenborg Sh. (2000) *Revolucia I kultura. Kulturnye orientiry v period mezhdu Oktyabrskoi revoliuciei i epochoi stalinizma*. [Revolution and Culture: Cultural landmarks in the period between the October Revolution and the Era of Stalinism], ed. Irina Kartasheva. St. Petersburg: Neva Magazine, p.7.

Raskreposhenie kazahskih zhenshin (2018) [Emancipation of Kazakh women], Electronic resource – URL: <https://vlast.kz/istorija/30323-raskreposenie-zensin-vostoka.html>.

Resei Memlekettik aleumettik-sayasi tarih arhivi (RMASTA). [Russian State Archive of Socio-Political History (RSASPH)], The Central Committee of the CPSU (1898, 1903-1991), F.17. I.85. C.24. P.140-144.

Saduakasov Zh. (2009) *Tandamaly shygarmalar zhinagi*. [A collection of selected works], Astana: Elorda, 192 p.

Skabayeva D. (2013) *Kazirgi kazak aieli kalai ozgerdi*. [How has the modern Kazakh woman changed], Electronic resource – URL: <https://abai.kz/post/16874>.